АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 05 маусым № 126

Құлсары қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Кульсары

Ауданның аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарын жоюға резервтен қаражат бөлу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысына және Жылыой ауданы әкімінің 2024 жылғы 04 сәуірдегі №8 «Жылыой ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жылыой ауданы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» 100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» бағдарламасынан:

- 492 «Жылыой ауданы тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына Жылыой ауданы аумағындағы төтенше жағдайларды жоюға және кетірілген залалдарды қалпына келтіру жұмыстарына 133 390 000,0 (бір жүз отыз үш миллион үш жүз тоқсан мың) теңге бөлінсін.

2. «Жылыой ауданы тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі,автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

002838

Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.
Белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ
ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Сармановқа жүктелсін.

Аудан әкімі **Ж.Қаражанов**